



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№12 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2012 жылғы 29 наурыз**

**Ресми қайта қаржыландыру  
ставкасы туралы**

Қаржы нарығындағы үрдістерді және жылдық инфляция қарқындарының баяулауын ескере отырып Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **2012 жылғы 2 сәуірден бастап** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің **ресми қайта қаржыландыру ставкасын жылдық 6,5% деңгейінде** белгілеуге қаулы қабылдады, бұл тарихи ең төмен деңгей болып табылады. Соңғы рет ресми қайта қаржыландыру ставкасының өзгеруі 2012 жылғы 14 ақпанда болды, ол жылдық 7,5%-дан 7,0%-ға дейін төмендетілді.